

Маңызды стратегиялық мәні бар мемлекеттік сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 24 ақпандағы N 122 Қаулысы

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының 21-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес заңды тұлғалар 2006 жылы балық ресурстарының өсімін молайту, балық ресурстарын ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету, балықтардың сирек кездесетін және бағалы түрлерінің тектік қорын сақтау және олардың табиғи мекендеу орындарында санын көбейту үшін сатып алудың маңызды стратегиялық мәні бар жұмыстарды беруші және қызметтер көрсетуші болып белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі заңнамада белгіленген т ә р т і п п е н :

осы қаулыға қосымшада көрсетілген заңды тұлғалармен 2006 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген қаражат есебінен шарттар жасасуды;

осы қаулыға сәйкес пайдаланылатын бөлінген ақша қаражатының оңтайлы және тиімді пайдаланылу қағидатын сақтауды;

осы қаулыдан туындайтын өзге де шаралар қабылдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2006 жылғы 24 ақпандағы
N 122 қаулысына

ҚОСЫМША

2006 жылы балық ресурстарының өсімін молайту, балық ресурстарын ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету, балықтардың сирек кездесетін және бағалы түрлерінің тектік қорын сақтау және олардың табиғи мекендеу орындарында санын көбейту үшін сатып алудың маңызды стратегиялық мәні бар жұмыстарды берушілер мен қызметтерді көрсетушілердің тізбесі

		Жұмыстарды беруші мен қызметтерді	
--	--	-----------------------------------	--

Р/с N	Жұмыстарды беруші мен қызметтерді көрсетушінің атауы	көрсетушінің орналасқан жері	Жұмыстар мен қызметтердің атауы
1	2	3	4
1.	ҚР АШМ Балық шаруашылығы комитетінің" Орал-Атырау бекіре балық өсіру зауыты" РМҚК	А т ы р а у о б л ы с ы З а р о с л ы й ауылы	Б а л ы қ ресурстарын молайту
2.	ҚР АШМ Балық шаруашылығы комитетінің"Атырау бекіре балық өсіру зауыты" РМҚК	А т ы р а у о б л ы с ы Е р к е н к а л а ауылы	Б а л ы қ ресурстарын молайту
3.	ҚР АШМ Балық шаруашылығы комитетінің"Майбалық балық питомнигі" РМҚК	А к м о л а о б л ы с ы М а й б а л ы қ кенті	Б а л ы қ ресурстарын молайту
4.	ҚР АШМ Балық шаруашылығы комитетінің"Жоғарғы Тобыл балық питомнигі" РМҚК	Л и с а к о в с к қаласы	Б а л ы қ ресурстарын молайту
5.	ҚР АШМ Балық шаруашылығы комитетінің"Петропавл балық питомнигі" РМҚК	П е т р о п а в л қаласы	Б а л ы қ ресурстарын молайту
6.	ҚР АШМ Балық шаруашылығы комитетінің"Қарағанды балық питомнигі" РМҚК	Қ а р а ғ а н д ы о б л ы с ы Ж а ң а С о л о н и ч к а станциясы	Б а л ы қ ресурстарын молайту
7.	ҚР АШМ Балық шаруашылығы комитетінің"Шардара балық питомнигі" РМҚК	Ш а р д а р а қаласы	Б а л ы қ ресурстарын молайту
8.	ҚР АШМ Балық шаруашылығы комитетінің"Қамыстыбас балық питомнигі" РМҚК	Қ ы з ы л о р д а о б л ы с ы Қ о с ж а р к е н т і	Б а л ы қ ресурстарын молайту
9.	ҚР АШМ Балық шаруашылығы комитетінің"Қашыр балық питомнигі" РМҚК	П а в л о д а р о б л ы с ы Қ а ш ы р ауданы	Б а л ы қ ресурстарын молайту
10.	ҚР АШМ Балық шаруашылығы комитетінің"Қазақ өндірістік-жерсіндіру станциясы" РМҚК	А л м а т ы қаласы	Б а л ы қ ресурстарын молайту
11.	ҚР АШМ Балық шаруашылығы комитетінің"Қапшағай уылдырық шашу-өсіру шаруашылығы" РМҚК	А л м а т ы о б л ы с ы Ш а л қ а р к е н т і	Б а л ы қ ресурстарын молайту
12.	ҚР АШМ Балық шаруашылығы комитетінің"Бұқтырма уылдырық шашу-өсіру шаруашылығы" РМҚК	Ш ы ғ ы с Қ а з а қ с т а н о б л ы с ы М а л ь к о в о е ауылы	Б а л ы қ ресурстарын молайту

Е с к е р т у :

аббревиатуралардың толық жазылуы:
ҚР АШМ - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі
РМҚК - Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК